

Қазақстан Республикасы соттарының банкроттық туралы заңды қолданудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі N 3 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 5 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - КР Жоғарғы Сотының 02.10.2015 № 5 нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы және кіріспе өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы сот тәжірибесін жинақтаудың қорытындылары бойынша және соттарда туындайтын мәселелерге байланысты банкроттық туралы күшіндегі заңның нормаларын біркелкі түсіндіру және қолдану мақсатында, қаулы етеді:

1. Банкроттық туралы зандар Қазақстан Республикасы Конституациясына K951000_ негізделіп, оған Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі K941000_ Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" Z970067_ Заңы (әрі қарай - Заң), жеке шаруашылық субъектілерге қатысты банкроттық рәсімдерін қолдану ерекшеліктерін белгілейтін өзге Заңдар және нормативтік құқықтық актілер кіретініне соттардың назары аударылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

2. Заңның 2-бабына сәйкес шаруашылық жүргізу什і жекелеген субъектілерге қатысты банкроттық рәсімдерді қолданудың ерекшеліктері олардың құқықтық мәртебесі мен қызметінің бағытына қарай Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленуі мүмкін.

Банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру мен таратудың ерекшеліктері банкілік және сақтандыру (қайта сақтандыру) туралы заңнамамен әрі сақтандыру қызметімен анықталады.

Астық қабылдау кәсіпорындарын сот арқылы мәжбүрлеп таратудың негіздері, конкурстық массаны сатудың және кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың кезектілігінің ерекшеліктері "Астық туралы" Z010143_ Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.

Зейнеткерлік қорлар мен ауылшаруашылық ұйымдарына қатысты банкроттық рәсімдердің жекелеген ерекшеліктері де заңнамалық актілермен белгіленген.

Шаруашылық қызметінің субъектілері - жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтарының құқықтық жағдайын ескере отырып банкроттық рәсімдерді қолдану Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 21-бабымен (бұдан әрі - АК) және "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Занының 28-бабымен реттеледі.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар мен мемлекеттің, сондай-ақ мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот болып танылған ұйымдардың мүдделерін қорғау мақсатында тауаррында басым (монополиялық) орны бар не республика экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар және азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға ықпал етуге қабілетті, табиғи монополия субъектісі немесе рынок субъекті болып табылатын ұйым банкрот болған жағдайда конкурстық массаны сатудың ерекше шарты мен тәртібін белгілеуге құқылы.

Шаруашылық қызметін реттейтін өзге заңнамалық актілердің де шаруашылық субъектілерін олардың дәрменсіздігіне (банкроттығына) байланысты таратудың не басқа негіздер бойынша мәжбүрлеп таратудың жекелеген рәсімдерінің ерекшеліктерін қарастыра алғынын соттардың назарда ұстағандары жөн. Аталған актілер Заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолдануға жатады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулысымен.

3. Борышкерді банкрот деп тану туралы тұлғаның өтінішін:

- егер борышкердің шартқа немесе деликтіге негізделген ақшалай міндеттемесінің орындалмауы негізіндегі несие беруші алдындағы жиынтық берешегі Заңың 3-бабының 4-тармағында белгіленген соманы құраса, борышкердің несие берушісі;

- егер борышкердің салықтық берешегі, соның ішінде оның филиалдары мен өкілдіктерінің берешегі Заңың 3-бабының 4-тармағында белгіленген соманы құраса, салық органы;

- Заңың 26-бабы 1-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларымен қарастырылған жағдайларда прокурор беруі мүмкін.

Егер акционерлер немесе серіктестікке қатысуышылар занды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаса не жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаса, бірақ борышкердің несие берушілер алдындағы міндеттемесі занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мүліктері есебінен толық қанағаттандырыла алмайтын болса, борышкер сотқа өзін банкрот деп тану туралы өтініш беруге міндетті.

Ақша міндеттемесінің сомасына және оны орындау мерзіміне қарамастан, жоқ борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті прокурор немесе борышкердің кез келген несие берушісі бере алады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулысымен.

4. Егер несие берушілердің борышкерге талаптарының жалпы сомасы жүз елу айлық есептік көрсеткішінен жоғары болса, сот осы қаулының үшінші тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың борышкерді банкрот деп тану туралы арыздарын қарайды.

Істің сотқа қарастылығы туралы мәселені шешерде сот, арыз берген кезде несие берушінің талаптары сомасы, олардың орындалмағаны үшін санкцияларды - айыппұлды, өсімді, шығындарды санамағанда, ақшалай міндеттемелерінің сомасы бойынша анықталатынын ескеруі керек.

Егер ақшалай міндеттемелер жөніндегі несиелік қарыздың сомасы занда белгіленген сомадан төмен болса, сот Заңның 3-бабының 4-тармағының және АІЖК-нің K990411_ 153-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының негізінде арызды қабылдамайды.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

5. Борышкердің, оны банкрот деп тану туралы арызын қарауға қабылдаған кезде, арызға арызданушының құрылтайшы құжаттарына сәйкес тиісті адам (орган) қол қойғанын соттың тексергені жөн.

Егер борышкерден оны банкрот деп тану туралы арызды қабылдау кезінде сот арызға оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойған не осы адамның өкілеттігін растьайтын құжаттар мен Заңның 18, 19-баптарында көрсетілген құжаттар қоса тігілмеген деп тапса, онда сот мұндай арызды аталған Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес кері қайтарады. Борышкердің сотқа жолдаған өтініші Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша міндетті болған жағдайларда, сот арызды өз өндірісіне қабылдауға, ал жетіспей тұрған құжаттарды істі сот талқылауына дайындау тәртібімен арызданушыдан сұратуға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен . Р02014s_

6. "Банкроттық туралы" Заңның 22-бабына, "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 28-бабында сәйкес азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша занды немесе жеке тұлға - несие беруші (несие берушілер) өтініштерінің негізінде, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша салық органдарының тарапынан банкроттық туралы іс қозғалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14, 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулыларымен.

7. Несие берушінің өтінішіне оның өкілі қол қоюы мүмкін. Мұндайда "Банкроттық туралы" Заңының 22-бабына сәйкес өтінішке өкілдің несие берушінің атынан сотқа тиісті өтініш беруге өкілеттілігін растайтын несие берушінің сенім хаты қоса тіркеледі.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

8. "Банкроттық туралы" Заңының 24-бабына сәйкес несие беруші борышкерге қойған бірнеше талапты бір өтінішке біріктіруге құқылы немесе бірнеше несие берушілердің талаптары бір өтінішке біріктірулғы мүмкін.

Егер борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп тану туралы несие берушінің өтініші, сотта басқа несие берушінің өтініші негізінде сол борышкерге қатысты іс қозғалғаннан кейін келіп түссе, онда сот іс бойынша шешімді шығармай тұрып, өтінішті біріктіріп қарау үшін, оны қозғалған өндіріске қосу туралы ұйғару шығарады.

Сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешімді шығарғаннан кейін және конкурстық өндіріс қозғалғаннан кейін келіп түскен өтінішті, ҚР АІЖК-нің 153-бабына сілтеме жасап, қабылдамайды.

9. Занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы өтініштер ерекше өндіріс тәртібінде қаралатынын, сондықтан борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп тану үшін қажет негіздердің бар-жоғы сотқа шағымданған кезде анықталатынын соттардың ескергені жөн.

Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тартуы немесе зандада көрсетілген негіздер бойынша (борышкерді таратумен байланысты іс жөніндегі өндірісті қыскартқан жағдайдан басқа) іс жөніндегі өндірісті қыскарту сол борышкерді банкрот деп тану туралы кейін келіп түскен өтініштерді қабылдамауына негіз бола алмайды.

Кез келген несие беруші, оның ішінде, борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп тану туралы өтініші қанағаттандырылмаған несие беруші, жағдайлардың өзгеруіне (өтініш берушінің даусыз міндеттері көлемінің ұлғауы, борышкердің қаржы-шаруашылық жағдайының өзгеруі, зандың өзгеруі және т.б.) байланысты сотқа борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп тану туралы өтінішті қайта беруге құқылы.

10. Сот борышкердің дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы істі қозғаған жағдайда, ол үшін туындаитын салдардың тізімі "Банкроттық туралы" Заңының 28-бабында көрсетілген, олар - мұлік иесін және оның барлық органдарын мұлікті билеу құқығынан айыру, несие берушілердің біріне артықшылық жасап, талаптарын қанағаттандыруға тыйым салу (зандада тікелей көрсетілген

тұлғалардан басқа), бұрын қабылданған сот шешімдерін орындауды тоқтата тұру және т.б.

Алайда, аталған салдарды қолдану мәселесін шешкен кезде, сот "Банкроттық туралы" Заңың 30-бабына сәйкес несие берушілердің талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдану және борышкердің құқықтарын шектеу туралы үйғару шығару үшін бұл туралы несие берушінің және іске қатысушы басқа адамдардың өтініші қажет екендігін ескергені жөн.

Сот қолданған қамтамасыз ету шаралары орынды болып, несие берушілердің мүддесін, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатына сәйкес келуі тиіс, және азаматтардың өмірі мен денсаулығына, айналдырған ортаны қорғау және ұлттық қауіпсіздікке байланысты үздіксіз өндіріс ретіндегі және маусымдық жұмыстардың жалғасуына кедергі жасамауы тиіс.

Борышкердің құқықтарын шектеу (қамауға алу) туралы сот үйғаруы борышкердің мүлкіне қатысты меншік иесінің өкімдерін орындаитын орган (немесе оның өкілетті органды) - қызмет көрсететін банкке (банктерге), жылжитын және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркейтін басқармаларға жіберіледі. Бұрын қабылданған сот шешімдерінің орындалуын тоқтата тұру туралы үйғарулар атқарушылық іс жүргізетін тиісті органға жолданады.

Аталған органдардың борышкердің мүлкіне қатысты шектеулер туралы уақытылы хабардар етілгені жөніндегі дәлелдер іс материалдарына қоса тіркеледі.

Сот борышкерді банкрот деп танудан бас тартқан жағдайда, борышкер құқықтарын шектеу (жою) жөніндегі әкімшілік және сот төлемдері, сондай-ақ осыған байланысты шығындар, несие берушілердің талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдану туралы сотқа өтініш жасаған несие берушілер есебіне жатқызылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

11. Борышкердің банкроттығы туралы іс жөніндегі өндірістің қозғалуы - борышкердің жауапкер ретінде қатысқан басқа істері жөніндегі өндірісті қысқарту үшін негіз бола алмайды. Осы шешімдерді орындау мәселесі, сондай-ақ борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанша занды күшіне енген басқа да сот шешімдерін орындау туралы мәселе "Банкроттық туралы" Заңың 10, 71-баптарында белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

Сондай-ақ, борышкерге қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы сот шешімі - борышкер жауапкер ретінде қатысқан бұрын қозғалған істер бойынша өндірісті қысқартуға негіз болып табылмайды. Оңалту рәсімдерін жүргізген уақытта оңалтылып жатқан занды тұлғаның барлық органдарының өкілеттіктері оңалту басқармасына тапсырылады, ал оңалту рәсімдері енгізілгенге дейін және

одан кейін туындаған міндеттемелері бойынша несие берушілердің талаптары сот арқылы жалпы тәртіп бойынша қаралады.

Оналту рәсімдері жүргізілген уақытта шығарылған сот шешімдерін борышкердің орындауы ерекшеліктері "Банкроттық туралы" Заңының 47, 75-баптарында белгіленген.

Борышкер талапкер ретінде қатысқан істер азаматтық сот өндірісінің ережелері бойынша ешбір шектеусіз қаралады.

12. "Банкроттық туралы" Заңының 68-бабында көрсетілген борышкерді банкрот деп таныған кезде конкурстық өндіріс қозғау салдары міндетті болып табылады. Борышкер сот шешімімен банкрот болып танылғаннан кейін сotta қаралып жатқан банкроттың жауапкер ретіндегі қатысуымен мүліктік даулардың барлығы, егер олар жөнінде қабылданған шешімдер занды құшіне енбесе, қысқартылады. Несие берушілердің банкрот-борышкерге қойған барлық мүліктік талаптары конкурс жүргізу шеңберінде ғана қойылуы мүмкін.

Конкурстық басқарушы, өндірісінде борышкерге мүліктік талаптарын қарау жөніндегі істері бар, барлық соттарды жауапкердің банкрот болып танылуы туралы хабардар етуі керек және осыған байланысты істер жөніндегі өндірісті қысқарту туралы өтініш жолдауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

13. Міндеттемелерді орындау мерзімінен үш ай өткеннен кейін олар орындалмаған кезде туындаитын төлем қабілетсіздігі "Банкроттық туралы" Заңының 4-бабына сәйкес несие берушінің оны банкрот деп тану туралы өтініш беруі үшін негіз болып табылады.

Борышкердің төлем қабілетсіздігі оны сот тәртібімен банкрот деп мәлімдеу үшін негіз болып табылады.

Соттар, қолданудағы банкроттық туралы занда төлем қабілетсіздігі және борышкерді әр-түрлі шаруашылық субъектілерге қатысты банкрот деп танудың негіздері ұғымының әр-түрлі болып келетіндігін ескергені жөн.

1.07.98 жылғы редакциядағы "Банкроттық туралы" Заңының 1-бабына сәйкес занды тұлғаның төлем қабілетсіздігі - борышкердің ақшалай міндеттемелері бойынша несие берушілердің талаптарын, оның ішінде, еңбек ақыны және өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарын қанағаттандыра алмауы, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмауы деп анықталған. Шын мәнінде, аталған занға сәйкес борышкер-занды тұлғаның дәрменділігін - оның төлем қабілеттілігі анықтайды.

Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті түрде немесе мәжбүрлеу тәртібімен, сондай-ақ "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында қарастырылған мән-жайлар туындаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Z952444_ Заңының 71-бабына сәйкес банкті банкрот деп тану үшін екі белгі қажет - оның төлем қабілетсіздігі және дәрменділігі. Бұл орайда борышкер-банктің дәрменділігін және төлем қабілеттілігін анықтау үшін, пруденциалды қалыптарды және қалыптар мен лимиттерді, банк капиталының мөлшерін сақтау үшін қажет өзге де қалыптарды есептеу тәсілін ескере отырып жасалған, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қорытындысы қажет, яғни заң бойынша өкілетті тұлға кешенді бағалау жұмыстарын жүргізеді.

Ауылшаруашылық ұйымының дәрменсіздігі деп борышкердің маусымның кезекті циклы кезінде алдағы жыл туардан бұрын орындау мерзімі келіп жеткен ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлардың талабын оған тиесілі мүлік есебінен қанағаттандыра алмауын түсіну қажет.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 , 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулыларымен.

14. "Банкроттық туралы" Заңының 36-бабында борышкердің дәрменсізділігі (банкроттығы) туралы шешім шығару үшін негіздердің толық тізімі белгіленген. Сондықтан соттың заңда көрсетілмеген негіздер бойынша борышкерді банкрот деп жариялауға құқы жок.

"Банкроттық туралы" Заң бұндайда борышкерге өзінің құқықтарын қорғауы үшін бір мүмкіндік береді - ол іс қозғалған кезден бастап екі айдан кешіктірмей, өз дәрменділігінің дәлелдерін сот талқылауы барысында ұсынуы керек.

Сонымен бірге "Банкроттық туралы" Заңының 29-бабында борышкер соттың банкроттық туралы іс қозғау туралы үйғаруының көшірмесін алғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде өзінің борыштық міндеттерін ғана емес, сонымен бірге, орындалу мерзімі үш айдан кейін толатын міндеттемелерін орындауға дәрменділігін растайтын құжаттарды қоса тіркең, жауап ұсынуы міндетті екені көрсетілген.

Борышкер өзін банкрот деп тануға қарсы жауабын және өзінің дәрменділігін дәлелдеу міндеттерін сотқа уақытылы жолдаған жағдайда, соттар борышкерге өз құқықтарын қорғау үшін мүмкіндік беру мақсатында істің қаралуын, "Банкроттық туралы" Заңының 36-бабаның 1-1) тармағында белгіленген мерзім шенберінде, бірақ "Банкроттық туралы" Заңының 34-бабында көрсетілгендей арыз сотқа түсken күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей, тағайындауы тиіс.

15. Ис қозғалған кезден бастап 30 күн мерзімнен кешіктірмей, борышкердің дәрменсіздігін тану туралы жауабы немесе борышкердің банкроттық туралы іс қозғалған кезден бастап 10 күн мерзім ішінде өзін банкрот деп тану туралы етініші "Банкроттық туралы" Заңының 36-бабының 1-2), 1-3) тармақтарына сәйкес борышкерді банкрот деп тануға негіз болып табылады.

Борышкердің мойындау жауабы немесе өтініші түскен жағдайда, сottар жауапқа немесе өтінішке қол қойған адамның өкілеттерін міндettі тұрде тексеруі тиіс. Оның өкілеттіктерін растайтын құжаттар іс материалдарына қоса тіркелуі керек.

Соттың, борышкердің өзінің дәрменсіздігін мойындауына негізделген оны банкрот деп тану туралы шешімі борышкердің қаржы жағдайы туралы мәліметтерді, сондай-ақ борышкердің дәрменділігіне мәнісі бойынша берілген негізделген бағаны қамтуы тиіс.

16. "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес сот оңалту рәсімдерін, егер борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін нақты мүмкіндіктер болған жағдайда, тек коммерциялық үйымдарға қатысты қолдана алады.

Оңалту рәсімдерін қолдану тәртібі "Банкроттық туралы" Заңда белгіленген. Борышкер оңалту рәсімдерін қолдану туралы өтінішін, оған "Банкроттық туралы" Заңының 43-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса тіркей отырып, өкілетті органға жолдайды. Өкілетті орган несие берушілер комитетін құрып, онымен бірге борышкердің өтінішін қарайды. Несие берушілер комитеті мен өкілетті органның оңалту рәсімдерін қолдануға келісімі сотқа жіберіледі.

Борышкерге қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы мәселені шешкен кезде, сottар "Банкроттық туралы" Заң мен ҚР АІЖК-ың кейбір нормалары бір-бірімен үйлеспейтіндігін ескеруі керек. "Банкроттық туралы" Заңының 1-бабына сәйкес оңалту рәсімдері тек дәрменсіз борышкерлерге ғана қолданылуы мүмкін, сондықтан борышкер өкілетті органмен бірге сотқа, заңда көрсетілген қажетті құжаттардың барлығын қоса тіркеп, өзінің төлем қабілетсіздігі (дәрменсіздігі) туралы өтінішті жалпы тәртіп бойынша жолдауы және өзіне оңалту рәсімдерін қолдану туралы өтінішті өкілетті органға бергені туралы сотты хабардар етуі тиіс.

Мұндайда сот бекітілген тәртіп бойынша банкроттық туралы іс қозғайды және өкілетті органнан борышкердің өтінішін қарау қорытындыларын сұратып алады.

Несие берушілер комитеті борышкерге оңалту рәсімдерін қолданудан бас тартқан жағдайда, сот борышкердің өтінішін мәнісі бойынша бағалап, "Банкроттық туралы" Заңының 36-бабының 1-4 тармағына сәйкес борышкердің өзінің өтінішін ескере отырып, оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдайды.

Несие берушілер комитеті және тиісті уәкілетті орган оңалту рәсімдерін қолдануды орынды деп тапқан жағдайда, сот борышкердің өзінің дәрменсіздігі туралы өтінішін мәнісі бойынша бағалап, оңалту жоспарымен келіспеген несие берушілер мұддесінің сақталуын тексереді. Өтінішті қанағаттандыру үшін негіздер болған жағдайда, сот "Банкроттық туралы" Заңының 36, 43-баптарына сілтеме жасай отырып, банкроттық туралы іс өндірісін тоқтата тұрады және

борышкерге оңалту рәсімдерін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғару шығарады.

Несие берушілер талаптарының орындалуын артқа тарту мақсатында борышкер мүддесі үшін оңалту рәсімдерін қолдану "Банкроттық туралы" Заңға қайшы келеді, сондықтан сот жалпы тәртіп бойынша өздерінің дәрменсіздігін дәлелдемеген шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы ұйғару шығаруға құқы жоқ.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

17-18.

ЕСКЕРТУ. 17,18-тармақтар алып тасталды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s

19. "Банкроттық туралы" Заңының 9-бабына сәйкес конкурсстық басқаруышының құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері көлемі Заң және несие берушілер комитеті мен конкурсстық басқарушы бекітken келісім бойынша анықталады.

Аталған келісім, заңмен белгіленген шеңберде тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын азаматтық-құқықтық мәміле болып табылады және онда конкурсстық басқаруышының өзіне қабылдаған борышкерді тарату жөніндегі міндеттері, оларды орындау мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ конкурсстық басқарушы төлейтін сыйақы мөлшері қамтылуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

20.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

21. Конкурстық басқарушы кредиторлар комитетімен келісім бойынша өзіне алған міндеттерді зан талаптарына сәйкес орындауға міндетті.

Конкурстық басқарушы борышкердің істері мен мүлкін басқарудан Заңының 9-бабының 4 және 5-тармақтарында белгіленген негіздер бойынша оны тағайындау тәртібіндегідей тәртіппен шеттетіледі. Конкурстық басқаруышы тағайындау және шеттету мәселелері бойынша конкурсстық өндіріске қатысуышылар арасындағы дауларды банкроттық туралы шешім қабылдаған сот Заңының 67-бабының 5) тармақшасына сәйкес конкурсстық өндіріс шеңберінде қарайды.

Борышкердің істері мен мүлкін басқарудан шеттетуді конкурстық басқарушы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта даурай алмайды. Конкурстық

өндірістің белгіленген мерзімінің аяқталуы, егер конкурстың өндірістің мерзімі ұзартылmasа, конкурстың басқарушының барлық құқықтары мен өкілеттіктерін тоқтатады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

22. Несие берушілер комитеті мен конкурстың басқарушы бекіткен келісімде борышкерді тарату жөніндегі барлық шаралар заңмен бекітілген мерзімде орындалуы туралы шарт көзделуі тиіс. Конкурстың басқарушының кредиторлар комитетімен жасалған келісім бойынша міндеттемелерді орындауы, оны борышкердің істері мен мүлкін басқарудан шеттету, сондай-ақ мүліктік, әкімшілік немесе қылмыстың жауаптылыққа тарту үшін сөзсіз негіз болып табылады.

Сонымен бірге, мүлік көлемі үлкен борышкерді тарату кезінде, несие берушілер мүддесі үшін дебиторлық берешектерді өтеудің айқын мүмкіндіктері болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі өз құзыры шенберінде мүлікті сатудың ерекше шарттары мен тәртібін белгілеген жағдайда, конкурстың өндірістің мерзімдері ұзартылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

23. Бекітуге ұсынылған конкурстың басқарушының қызметі туралы есебі мен тарату балансын, сондай-ақ мүліктің пайдаланылуы туралы есепті қараған кезде, тарату балансында көрсетілген мәліметтер борышкер балансында активтердің жоқ екенін дәлелдейтіндігін соттардың ескеруі тиіс. Борышкердің барлық мүлкі сатылуы немесе несие берушілерге тапсырылуы тиіс. Несие берушілер мүлікті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, олар борышкер мүлкінің меншік иелеріне немесе құрылтайшыларға (қатысуышыларға) тапсырылуға жатады. Айналымнан шығарып алынған мүлік мемлекеттің өкілетті органдарына тапсырылады.

"Банкроттың туралы" Заңының 13-бабына сәйкес борышкердің өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешектері бойынша сот несие берушілер комитетінен осындағы берешектерді есептен шығарғаны дәлелдерін сұратуы керек .

Соттың осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды бекітпестен бұрын конкурстың өндірістің аяқталуы туралы ұйғару шығаруға құқы жоқ.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

24. Заңың 10-2-бабының 5) тармақшасына сәйкес конкурстың өндірісте кредиторлар комитетінің құрамын бекіту уәкілетті мемлекеттік органның

құзыретіне жатқызылған. Кредиторлар комитетін құрудың тәртібі мен мерзімдері Заңың 11, 70-баптарында көзделген.

Кредиторлар тізілімінің тиісті кезегінің несие берушілері осы кезек бойынша олардың алдында нақтылы берешек болған жағдайда ғана конкурсстық өндірістегі кредиторлар комитетінің құрамына енгізіледі. Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен кредиторлар комитетінің құрамына, кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін Заңың 11-бабының 2 және 3-тармақтарының қағидалары ескеріле отырып, кредиторлар комитетінің жаңа мүшелері енгізілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 , ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулыларымен.

25. Банкроттық туралы заңдарда несие берушілер талаптарының тізімін жасау және оны уәкілетті органның бекітуіне ұсыну туралы конкурсстық басқарушының міндеті белгіленген.

Несие берушілер талаптарының тізімін бекіту мәселесін шешкен кезде "Банкроттық туралы" Заңының 71-бабы талаптарына сәйкес жасалғанын тексеру керек. Бұл бапқа сәйкес несие берушілердің борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шыққан кезден бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей конкурсстық басқарушыға мәлімделген талаптары ғана тізімге кіреді.

Конкурстық басқарушының несие берушілер талаптарының тізімін борышкер балансына несиелік берешектерді ашып көрсету негізінде қалыптастыруға құқы жоқ, себебі бұл азаматтарға және заңды тұлғаларға өздерінің құқықтарын, оның ішінде қорғалу құқығын өз қалауы бойынша қолдану құқығын беретін "Банкроттық туралы" Занға және АІЖК-нің 8-бабына қайшы келеді. Сондықтан, сот несие берушілер талаптарының тізімін бекіткен кезде, сот несие берушілердің, олардың талаптарын тізімнің тиісті кезегіне енгізу үшін негіз болған өтініштерін тексеруі қажет.

"Банкроттық туралы" Z970067_ Заңының 71-бабының 1-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін мәлімделген несие берушілер талаптары, сондай-ақ несие берушілер талаптарының тізімін бекіткеннен кейін, тарату балансы бекітілгенше мәлімделген талаптар "Банкроттық туралы" Заңының 76-бабының 4-тармағында көзделген тәртіpte қанағаттандырылады.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 , ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулыларымен.

26. Кепілдігі бар кредиторлар талаптары, конкурстық массада кепілдік мүлік пен тиісінше ресімделіп, тіркелген кепілдік міндеттеме болған жағдайда үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының тізіліміне тек кепілмен қамтамасыз етілген бөлігінде ғана енгізілуге жатады. Кепілді кредиторлардың тиісінше

ресімделмеген кепілдік міндеттемелерге негізделген, сондай-ақ кепілмен қамтамасыз етілмеген бөліктегі талаптары бесінші кезекте есепке алынады.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

27. Екінші кезектегі кредиторлар талаптарының тізілімдерін қалыптастырудың ерекшеліктері Заңының 75-бабының 3-тармағымен және 78-бабымен белгіленген.

Төлемдердің түрлері бойынша сомалардың көлемін есептеу кезінде қызметкерлердің алдындағы есепке алынып, кредиторлар талаптарының тізілімінің екінші кезегінде қанағаттандырылуға жататын берешекті есептеудің тәртібіне және есепке алынып, кредиторлар талаптарының тізілімінің бесінші кезегінде берілуге жататын сомаларды есептеу мен төлеудің белгіленген тәртібіне назар аудару қажет.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

28. 4 және 5 кезектегі тізімдердің дұрыс қалыптасуын тексерген кезде, сот "Банкроттық туралы" Заңында белгіленген борышкердің несие беруші алдындағы міндеттемелері сомасын және міндеттемелерді, шығындарды орындамағаны үшін санкцияларды жеке есепке алушың тәртібіне назар аударған жөн, себебі заң бойынша санкцияларды төлеу және шығындарды өтеу жөніндегі талаптар міндеттемелер жөніндегі берешектер мен тиісті сыйақыны өтелгеннен кейін қанағаттандырылады.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

29. Заңды тұлға-борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары және алынбай қалған дивидендтер жөніндегі акционерлердің талаптары банкроттық туралы заңдар бойынша несиелік берешекке жатпайды, сондықтан бұл тұлғалардың талаптарын конкурстық басқарушы қарамайды және олар несие берушілер талаптарының тізіміне енгізілмейді.

Аталған талаптар "Банкроттық туралы" Заңының 85-бабына сәйкес борышкердің құрылтайшы құжаттарында белгіленген конкурстық өндірістен тыс тәртіпте, талаптар қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік есебінен, сондай-ақ сатылмай қалған және, егер ол мүлік заңға сәйкес айналымнан шығарылып тасталмаса, несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру есебіне қабылдамаған мүлкі есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

30. Конкурстық басқарушы "Банкроттық туралы" Заңының 74-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес конкурстық массаны қалыптастырады. Сонымен

бірге, борышкердің "Банкроттық туралы" Заңының 6-бабында көрсетілген жағдайларда жасаған мәмілелерін анықтау және борышкердің мүлкін қайтару шараларын қолдану конкурстық басқарушының өкілеттігіне кіреді.

Борышкердің жеке меншігіндегі жер учаскесі міндетті түрде конкурстық масса құрамына кіретінін, ал жерді тұрақты және ұзақ мерзімде пайдалану құқығы, жер заңнамасында көзделген жағдайларда қоспағанда, конкурстық массаға енгізілуге жатады. Шаруа (фермерлік) қожалықтарға банкроттық рәсімдерін қолданған кезде, конкурстық масса құрамы "Шаруа (фермерлік) қожалықтары туралы" Заңының 1-бабындағы, 9-баптың 4-тармағындағы талаптарды ескере отырып, анықталуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

31. Конкурстық масса несие берушілер талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, сондықтан конкурстық басқарушының конкурстық массаны қалыптастыру, дебиторлық берешектерді өндіріп алу жөніндегі іс-әрекеттері заң бойынша несие берушілер комитетінің қадағалауында болады. Заңың 13, 84-баптарына сәйкес кредиторлар комитеті өндірілуі мүмкін емес дебиторлық қарызды, сондай-ақ уәкілетті органмен келісілген конкурстық массаны сату жоспарын бекітеді. Несие берушілер комитеті мен конкурстық басқарушы бекітken келісімнің шарттарында мүлікті бағалау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оны сату тәртібі көрсетілуі мүмкін. Конкурстық басқарушы несие берушілер комитетінің арнайы шешімінсіз өз еркімен мүлікті бағалау және сату тәртібін орнатуға құқы жоқ.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

32. "Банкроттық туралы" Заңының 1-бабына сәйкес конкурстық өндірістегі әкімшілік шығындарға банкроттық рәсімін жүргізу жөніндегі барлық шығындар, оның ішінде конкурстық басқарушыға төленетін сыйақы сомасы кіреді. Әкімшілік шығындар борышкер мүлкі есебінен кезектен тыс өтеледі ("Банкроттық туралы" Заңының 75-бабы).

Несие берушілер комитеті мен конкурстық басқарушы бекітken келісімде әкімшілік шығындар көлемі және олардың құрылымы белгіленеді. Несие берушілер комитеті әкімшілік шығындарды өтеуге арналған қаражаттардың мақсаты бойынша қолдануын бақылауды жүзеге асырады.

Кредиторлардың конкурстық басқарушымен жасасқан келісімімен белгіленген қаржыны тиісті мақсаты бойынша жұмсамау, сондай-ақ әкімшілік шығыстарын белгіленген лимиттен артық жұмсау, конкурстық басқарушыны

борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттету үшін ғана емес, сонымен бірге оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту үшін де негіз болады.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

33. Борышкерді қасақана төлем қабілетсіздігіне жеткізу, борышкердің біле тұра, несие берушілерді алдау, несие берушілерге тиесілі төлемдердің мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу немесе қарыздары бойынша женелдіктер алу, сондай-ақ сондай мүмкіндіктері бола тұра, қарыздарын төлемеу мақсатында, өзін банкрот деп тану туралы сотқа берген жалған өтініші борышкерді банкрот деп тану немесе оналту рәсімдерін қолдану туралы талаптардан бас тартуға негіз болып табылады.

Осындаған фактілерді анықтаған жағдайда, сот әдейі және жалған банкроттықты дәлелдейтін материалдарды, шара қолдану және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту үшін тиісті прокурорларға жібереді.

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен. Р02014s_

34. Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қолданудың тәртібі Заңның өзінің 106-бабымен белгіленгені және оның нормаларының сот қозғаган істердің өндірістеріне қолданылатыны түсіндірілсін.

Соттардың 2001 жылғы 11 шілдедегі N 239-II Z010239_ "Банкроттық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгенге дейін шығарған конкурсстық басқарушыларды тағайындау туралы, кредиторлар комитеттерінің құрамын және кредиторлар талаптарының тізімдемесін бекіту, конкурсстық өндірістердің мерзімдерін белгілеу және ұзарту туралы іс жүргізу құжаттары, егер осы сот актілері аталған заңға қайшы келмесе заңдық күшін сақтайды.

Соттардың конкурсстық басқарушыларды ауыстыру мен кері шақырып алу және конкурсстық өндірістің мерзімдерін ұзарту жөнінде Заң күшіне енгізілген уақыттан бастап және Заңда көзделген уәкілетті органдар құрылғанға және олар қызметін бастағанға дейін қабылдаған сот актілері де тап осылай өз күшін сақтайды.

35. Қолында төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру жөнінде уәкілетті орган берген лицензиясы бар жеке тұлға - жеке кәсіпкердің Заңның 9-бабының 2-1-тармағында оналтушы конкурсстық басқарушы болып тағайындалатыны белгіленген.

Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда, оналтушы және конкурсстық басқарушылар борышкердің істерін және мүлкін басқаруға қандай

тәртіппен тағайындалған болса, аталған өкілеттіктерді жүзеге асырудан сондай тәртіппен шеттетілуге тиіс. Лицензиядан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мұлкі мен істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру жөнінде уәкілетті орган берген лицензиясы бар және соттар Заңға өзгеріс енгізілгенге дейін тағайындалған жеке тұлға - жеке кәсіпкер сот белгілеген конкурстық өндірісті өткізу кезінде өз өкілеттігін сақтайды.

Сот тағайындаған оңалтушы және конкурстық басқарушыда тиісті лицензия болмаған жағдайда сот, егер осы шеттету Заңның 9-бабының 1-1-тармағына қайшы келмесе, оларды уәкілетті органның кредиторлар комитетімен келісілген арызы бойынша борышкердің мұлкі мен істерін басқару жөніндегі міндеттерден босата алады.

Бұған қоса, сот тағайындаған оңалтушы және конкурстық басқарушыны мерзімінен бұрын шеттетуді сот Заңның 9-бабының 5-тармағында белгіленген негіздер бойынша жүргізе алады.

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны одан әрі тағайындау уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулысымен.

36. Конкурстық өндіріс жағдайында кредиторлар комитетінің құрамын бекіту Заңның 10-1-бабымен уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған.

Кредиторлар комитетінің құрамына Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес кредиторлардың еңбекке ақы төлеу жөніндегі өкілдері, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторлар, сондай-ақ конкурстық кредиторлар мен кепілді мұлікпен қамтамасыз етілген және борышкерге қояр ең көп талап сомасы бар міндеттемелер бойынша кредиторлар енеді.

Сот бұдан бұрын бекіткен кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістерді оған кредиторлар талаптарының екінші, үшінші және төртінші кезектерінің өкілдерін, осы кезектердің талаптары конкурстық өндірісте әлі қанағаттандырылмаған және кредиторлар комитеті мүшелерінің жалпы саны жеті адамнан аспаған жағдайда, қосымша енгізу жолымен уәкілетті орган енгізуі мүмкін. Кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту, Заңның 11-бабының 2 және 3 -тармақтарының талаптары ескеріле отырып, борышкерге ең көп сомада талап қоятын тиісті кезектің кредиторлардың өтініші бойынша жүргізуі мүмкін.

37. Заңның 75-81-баптарымен борышкердің конкурстық массаны бөлу кезегі мен кредиторлармен есеп айырысу тәртібі белгіленген.

Осы орайда еңбекке ақы төлеу және еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға өтемақы төлеу жөніндегі есеп айырысулардың, оның ішінде

еңбекақыдан ұсталған алименттер бойынша қарыздарды, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеудің екінші кезекте жүргізілетінін назарда ұстау қажет.

Егер Заңға өзгерістер енгізілген сәтте осы кезектегі кредиторлардың талаптары қанағаттандырылмаған болса, кредиторлардың талаптарының қанағаттандыру кезектің жаңа ережесі бойынша жүргізіледі.

Алайда, кредиторлардың талаптарының қанағаттандырудың кезегі өзгерген жағдайда, үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізіліміне 13.08.2001 жылға дейін енгізілген кредиторлардың еңбекақы төлеу жөніндегі талаптары өзгермейді.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулысымен.

38. Заңның 10-2-бабымен уәкілетті органның құзыретіне конкурсстық өндіріске қатысушылардың құқықтары мен міндеттеріне байланысты мәселелерді шешу жатқызылған.

Заңның 66-бабымен белгіленген шеңбердегі конкурсстық өндіріске қатысушылардың кез келгені конкурстық басқарушының немесе уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, осы шешімді банкроттық туралы шешімді қабылдаған және Заңның 67-бабының 5) тармақшасына сәйкес конкурсстық өндіріске қатысушылар арасындағы дауды шешетін сотқа шағымдауға құқылы.

Заңның 72-бабының 3-тармағына сәйкес, кредиторлар мен конкурсстық басқарушы арасындағы кредиторлардың талаптарын тізілімге енгізу мәселелері туралы дауларды сот Заңның аталған бабында белгіленген мерзімде мүдделі тарап берген шағым бойынша қарауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 34-37-тармақтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 14 қаулысымен, 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 11 Нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Пленум хатшысы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы